

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



*Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым*



**V00038**

**29.09.2020 ж**

**2**

**0**

**2**

**0**

**АБДИРОВА РАНА**

*Түркістан облысы Келес ауданы  
№ 2. Ө. Жәнібеков атындағы мектеп гимназия  
Бастауыш сынып мұғалімі*

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

29.09.2020 ЖЫЛ | № V00038

**Білім беретін, ғылыми,  
танымдық, жарнамалық басылым**

-----  
МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы  
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Редактор: Нагиев И. Б.  
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

-----  
«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың  
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.  
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

-----  
Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.  
Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

-----  
Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

## Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді қолдану

### Кіріспе

*Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады.*

*Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет. Н.Ә. Назарбаев*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген. Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделі жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім.

Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін. **Қызығушылықты ояту** кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын. **Мағынаны ашу**– кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Сондықтан оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын. Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы. **Ой толғау**-кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.

Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер еңгізеді. Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді. Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады. Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын.

«INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді. Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды.

"Жауапқа сұрақ"әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі , жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді. Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын. Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады.

### Венн диаграммасы

Зат есім	Ұқсастығы	Етістік
1) Заттың атын білдіреді.	<b>Екеуі де сөз таптары</b>	1)Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіреді.
2) Кім? Не? Деген сұрақтарға жауап береді.		2) Не істеді? Қайтті? сұрақтарына жауап береді.

Қазіргі қолданып жүрген сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден бір жолы. Мақсатқа жету оқушылардың өзі арқылы жүзеге асады.

Мұғалім – ұйымдастырушы, бағыт беруші. Шешім жасаушы оқушы екендігі туралы пікір қалыптастыру керек. Оқушы басты тұлғаға айналады.

Сондықтан «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасын өз уақытында қолға алынған, дидактиканың бүгінгі күні көкейтесті мәселесін шешуге бағытталған технология деуге әбден болады.

Бала жүрегіне жол табу ұстаздың өз мамандығына сенімділігінен, бейімділігінен, айқын мақсатынан көрінеді. Осы үшеуі мұғалім мейірімділігімен ұштасып жатса ғана сабақ сапалы болмақ. Әдістерінің осындай ерекшеліктері оқушылардың шығармашылығын дамытып, сабақтың сапасын арттырады сөзсіз.

Оқыту технологиясы бұрыннан келе жатқан классикалық педагогика жетістіктерін пайдалана отырып, оны жаңа әдістермен байытып, білім алуды оқушының өзіндік іс-әрекеттері арқылы ұйымдастыруды талап етеді.

Оқушының осындай зеректігін одан әрі дамыту үшін де деңгейлік тапсырмалар қажет. Мұғалім деңгейлік тапсырмалар арқылы сабақ кезеңдерінде оқушының танымдық ойын, белсенділігін, икемдігін арттыру жұмыстарын шеберлікпен жүргізе алады.

Деңгейлік тапсырма негізінде оқу объектілерінің терең де шығармашылық ара қатынасы ескеріледі. Оқушының өзін өзі тануына, өз күйін өзі сезінуіне, ізденімпаздық тудыратындай әлеуметтік – мәдени кеңістік жасау қажет. Деңгейлік оқыту технологиясын келесідей қылып қолданамыз. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беріледі. Деңгейлік тапсырмалар үш деңгейде жүргізіледі.

### Қазақ тілі пәнінен деңгейлік тапсырмалар

Деңгейлер	Тапсырмалар
<b>I деңгей</b>	Сөздерді жуан жіңішкелігіне қарай бөліп, көптік жалғауларын жалғаңдар. Бала, етік, қаз, кеме, тас, мұғалім, өзен, көпір, шаңырақ, сырға, қоржын, көзілдірік, кебеже, сиыр, ешкі, ағаш.
<b>II деңгей</b>	Көп нүктенің орнына көрсетілген қосымшалардың тиістісін қойып, олардың түрліше жалғау себебін түсіндір (дан, - нан, - ден,-тен). ата ... үйрен..., гүл... жаса, төсек... тұрды, ағам... сұра.
<b>III деңгей</b>	«Менің анам», «Менің әжем», «Менің әкем», «Менің ағам» деген тақырыптардың біріне шығарма жаз.

Қай салада болмасын, ондағы жұмыстың нәтижесі сапасымен өлшенеді. Мектептегі сан-саналы жұмыстың құйылатын арнасы да білімнің сапасында болатыны даусыз. Білім қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи құндылықтар, ұлттық тіл қазынасын, яғни халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сонда ғана біздің ұрпақ өз тілегін, өз тілін, сабаққа деген қызығушылығын, қабілетін дамытады.

Оқушының шығармашылық қабілеті практикалық әрекеттері, ізденімпаздығы арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас қалыптасады. Мұғалім бұл жағдайда білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын арттырады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
3. Бастауыш мектеп №10, 2015.
4. Бастауыш сынып №6, 2016.
5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспар

\* \* \* \* \*

<b>Бекітемін:</b> <b>Пәні: Дүниетану</b> <b>Сынып: 1</b>	<b>Мұғалімнің аты – жөні:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	Күн тәртібі
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	1.1.2.4 күн тәртібін сақтаудың маңызын түсіндіру және күн тәртібін құрастыру; 1.1.2.5 тәулік мезгілдері мен апта күндері атауларын қолдану
<b>Сабақтың мақсаттары</b>	Барлық оқушылар:Күн тәртібін сақтаудың маңызын біледі, түсінеді, қолданады. Көпшілік оқушылар:Тәулік мезгілдері, апта күндері атауларын біледі. Кейбір оқушылар:Алған білімдерін өмірде қолданады.
<b>Бағалау критерийлері</b>	Күн тәртібін құрастыруды түсінеді, қолданады. Апта күндері мен тәулік мезгілдері туралы біледі
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	ынтымақтастық, ашықтық, құрмет
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Сауат ашу
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	таныстырылым,бейнебаян.
<b>Тілдік құзыреттілік</b>	күн тәртібі, режим дня.
<b>Сабақ барысы</b>	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	Ширату 2 мин Топқа бөлу 1 мин Тәулік мезгілдері бойынша <b>Тапсырма:</b> ТА. Ұжымдық жұмыс: Әңгіме құрастыр. 8 мин <b>Дескриптор:</b> Сурет бойынша әңгімелей алады. <b>Кері байланыс:</b> тамаша!
Сабақтың ортасы	<b>Тапсырма:</b> Топтық жұмыс 12 мин I топ Тәулік мезгілдерін ата. <b>Дескриптор:</b> Тәулік мезгілдерін атай алады. <b>Кері байланыс:</b> жарайсыңдар! <b>Тапсырма:</b> II топ Апта күндерін ата



**Дескриптор:** Апта күндерін атайды.

**Кері байланыс:** керемет!

**Тапсырма:** ӨЖ. Суреттегі күн тәртібін уақытпен сәйкестендір

**Дескриптор:** Күн тәртібін біледі, сәйкестендіреді.

**Кері байланыс:** жарайсың!



**Сергіту сәті:** 2 мин

Сабақтың соңы

**Саралау** 4 мин

Неліктен бала сабақта ұйықтап отыр деп ойлайсың?

Оған қандай кеңес бересің?

Күн тәртібін жоспарлауды үйрен **РЕФЛЕКСИЯ**

Дифференциация (саралау) – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?

Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?

Бағалауды – қалай жоспарлайсыз?